



«БЕКІТЕМІН»

«Зайсан технология
колледжі» КММ директоры

Е.Т.Сейлханов

» 20 / 8 ж.

ПӘН АПТАЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1 Пәндер апталығының негізгі мақсаты – теориялық және өндірістік оқыту сабақтарында алған білімдерді тереңдету және бекіту, студенттерді тандаған мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру.
- 1.2 Пәндік апталық – сабақтағы оқу қызметінің формасы, студенттердің кәсіптік қабілеттерін дамыту және ой қабілеттерін ашуына бағытталған, оқытудың тиімді құралы. Пәндік апталығында өткізілетін іс-шаралар, студенттерге өзін тануға бағдар береді, табысты көру, құрдастардың арасында тұрақтану, пәнге, тандаған мамандықтарына деген қызығушылығын көтеру, барлық студенттер арасында жағымды қарым-қатынас орнатуға көмек береді. Осы сабақтан тыс қызмет түрі – жылына бір рет өткізіледі.

2. Пәндік апталыққа дайындық

2.1 Пәндік апталыққа дайындалған кезде ескеріледі:

- Студенттердің білім деңгейі;
- Пәнаралық және пән ішілік байланыстарды қосу;
- Өндірістік оқытумен, мамандықпен байланыс;
- Көрнекі құралдарды қолдану.
- Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану.

2.2 Апталық кезеңдер бойынша өтеді:

- 1 кезең – апталық жоспарды әзірлеу және бекіту.
- 2 кезең – апталықты өткізу үшін іс-шараларды дайындау.
- 3 кезең – пәндік апталықты өткізу.
- 4 кезең – өткізген іс-шараларды әдістемелік бірлестіктерде және әдістемелік кеңестерде талдау, талқылау.